

## Қазақстан Республикасының дәрігері антының мәтінін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 27 қарашадағы N 1189 қаулысы

"Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының дәрігері антының мәтіні бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

2 7

қ а р а ш а д а ғ ы

N        1 1 8 9

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

### Қазақстан Республикасы дәрігерінің анты

Дәрігер деген биік дәрежелі атаққа ие бола отырып, өз ұстаздарым мен әріптестерімнің алдында өзімнің барлық күш-жігерімді адамдардың денсаулығын сақтауға арнай отырып дәрігерлік ұлы іске адал және жанқиярлықпен қызмет етуге салтанатты түрде ант етемін.

Өз қызметімде адам денсаулығы жоғары құндылық болып табылатындықтан, емделушілерімнің мүдделерін ғана басшылыққа алуға ант етемін. Олардың жасына, жынысына, ұлтына, дініне, әлеуметтік жағдайына және азаматтығына қарамастан көмекті қажет еткен әрбір адамға бірдей ынтамен және төзіммен медициналық көмек көрсетуге ант етемін.

Дәрігерлік құпияны сақтауға және оны ешқашан пайдакүнемдік мақсатта пайдаланбауға ант етемін.

Өз білімім мен шеберлігімді үнемі жетілдіріп отыруға, өзіме және шәкірттеріме талапшыл болуға, риясыз жәрдем беруден ешқашан бас тартпауға және егер емделушінің мүддесіне қажет болса, әріптестерімнен кеңес алуға ант етемін.

Қазақстан медицинасының игі дәстүрін сақтауға және жалғастыруға, мені дәрігерлік өнерге үйреткен ұстаздарыма алғысым мен сый-құрметімді сақтауға ант етемін.

-----  
(жеке қолы)

-----  
(күні)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК